

*Мухамадиева С.С.¹

¹ I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

¹ Қазақстан, Талдықорған

¹ ORCID <https://orcid.org/0009-0005-7591-2914>

saniua_95@mail.ru

5-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА БАЯНДАУ МӘТІНДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Оқу сауаттылығын дамыту қазіргі білім берудің басым міндеттерінің бірі болып саналады. Оқу сауаттылығы тек оқылған мәтінді түсіну қабілетін ғана емес, сонымен бірге оны сыни тұрғыдан талдауды, қорытынды жасауды және алған білімдерін іс жүзінде қолдануды қамтиды. Қоғамның даму жағдайына байланысты ақпаратпен тиімді жұмыс істей білу 21 ғасырдың маңызды дағдысына айналды. Зерттеудің мақсаты баяндау мәтіндері арқылы 5-сынып оқушыларында оқу сауаттылығын дамытудың ең тиімді әдістерін анықтау. Мақалада осы әдісті білім беру үдерісіне енгізу бойынша теориялық негіздер мен практикалық ұсыныстар берілген. Оқу сауаттылығын тиімді дамытуға және оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін арттыруға ықпал ететін педагогикалық әдістемелерді талдауға басты назар аударылады. Мәтінді әдіс ретінде ұсыну тек оқылған материалдың мазмұнын игеруге ғана емес, сонымен қатар ақпаратты құрылымдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, бұл оқылымды жақсы есте сақтауға және түсінуге ықпал етеді. Мақалада мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі әдістері келтірілген, мысалы, мәтін бойынша сұрақтар қою, шығармашылық жұмыстар жазу және т.б. Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістерді енгізу оқушылардың оқу сауаттылық деңгейін айтарлықтай жақсартатынын көрсетеді. Ұсынылған әдістемелерді қолданатын оқушылар барлық оқу пәндері бойынша жоғары нәтижелер көрсетеді және сыни тұрғыдан ойлау және талдау дағдыларын дамытады. Осылайша, баяндау мәтіндері арқылы оқу сауаттылығын дамыту қазіргі қоғамда табысты оқу және бейімделу үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді әдіс болып табылады.

Түйінді сөздер: оқу сауаттылығы, баяндау мәтіндері, педагогикалық әдістер, сыни ойлау, мәтінді талдау, білім беру үдерісі, оқыту стратегиялары.

Кіріспе. Қазіргі мектептегі білім берудің басым мақсаты – қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны дамыту. Бүгінгі таңда оқу саласындағы жағдай шиеленісті: оқу уақыты үнемі қысқаруда, оқу шеңбері тарылуда, әдеби талғамдар өзгеруде, сондықтан мұғалім кітапқа деген құрмет, сүйіспеншіліксіз, оқуға деген құштарлықсыз, саналы түрде оқуға деген ұмтылыссыз оқырман ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мүмкін емес екенін түсінуі керек [1]. Оқу сауаттылығының қалыптасуында мектепте оқудың төртінші жылы аралық болып саналады. Осы кезеңде негізінен мәтіннен ақпарат алуға, оны біріктіруге және түсіндіруге, мәтіннің формасы мен мазмұнын бағалауға қабілетті оқырман тәрбиесінің бірінші кезеңі аяқталады [2]. Айта кету керек, оқу сауаттылығының дамуы барлық сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда, бала кітаппен немесе кез-келген ақпарат көзімен кездескен кезде жүреді [3].

Оқу сауаттылығын дамытудың тиімді әдістерінің бірі-баяндау мәтіндері. Бұл әдіс оқушыларға оқылған материалдың мазмұнын игеріп қана қоймай, сонымен қатар оқуды жақсы есте сақтауға және түсінуге ықпал ететін ақпаратты құрылымдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [4]. Оқу сауаттылығын меңгеру білім беру сапасын жақсартуға және өз азаматтарының әлемдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылатын елдер үшін ерекше маңызды. «Оқу сауаттылығы қазіргі әлемдегі әлеуметтік және экономикалық интеграцияның негізгі факторы болып табылады» (UNESCO, 2017). Сондықтан баяндау мәтіндері арқылы 5-сынып оқушыларында оқу сауаттылығын дамыту әдістерін зерттеу тек педагогикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық маңызы бар [5].

Бұл зерттеу 5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту әдістерін баяндау мәтіндері арқылы қарастыруға арналған. Жұмыста осы әдісті білім беру үдерісіне енгізу бойынша теориялық негіздер мен практикалық ұсыныстар ұсынылатын болады. Оқу

сауаттылығын тиімді дамытуға және оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін арттыруға ықпал ететін педагогикалық әдістерді талдауға басты назар аударылады.

PISA-ның 2021 жылғы есебінде оқу сауаттылығы оқушылар барлық оқу пәндері бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізетінін және проблемаларды шешу дағдылары жоғары екенін атап өтті. «Жақсы оқитын оқушылар барлық оқу пәндері бойынша айтарлықтай жақсы нәтиже көрсетеді» (OECD, 2021). Бұл оқу сауаттылығын дамытудың тиімді әдістерін мектеп бағдарламаларына енгізу қажеттілігін көрсетеді [6].

Бірқатар авторлар оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері ретінде мәтінді кідірістермен оқу, болжам жасау, мәтінге дейінгі және кейінгі сұрақтармен жұмыс, шығармашылық және логикалық тапсырмалар, сондай-ақ мәтінді визуалды форматтарға түрлендіру тәсілдерін ұсынады [7, 8]. Бұл әдістер оқушылардың мәтінді түсіну, талдау, құрылымдау және шығармашылық тұрғыда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Тапсырманы орындау үшін қажет мәтіннен белгілі бір ақпарат алу үшін келесі дағдыларды дамыту қажет: еркін оқу; жауап бар мәтіннің бір бөлігін таңдау; сұрақ пен мәтіннің арасында байланыс орнату [9].

Ю. Н. Бальцевич [10] оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін оқушыларға арнайы тапсырмалар ұсыну қажет деп санайды. Бұл әдісте оқушыларға сөздері түсіп қалған немесе дұрыс емес реттілікпен берілген мәтін ұсынылады. Олардың міндеті – мәтіннің логикасын қалпына келтіріп, мәтінді дұрыс құрылымға келтіру. Инсерт әдісі (INSERT) де оқу сауаттылығын дамытуға тиімді. Бұл әдіс бойынша оқушылар мәтінді оқу барысында белгілі бір шартты белгілерді пайдаланып, оқылған ақпаратты белгілейді [11]. Сұрақ-жауап жаттығулары оқушылардың диалог құрып, мәтінді терең түсінуіне көмектеседі [12]. Түзету әдісі де маңызды рөл атқарады. Оқушыларға қателіктермен берілген мәтін ұсынылады, олардың міндеті – мәтіндегі мазмұндық қателіктерді анықтап, түзету [13].

Осы әдістердің барлығы оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға, олардың оқу сауаттылығын жақсартуға ықпал етеді. Ухова Л. В. [14] мәтіндерді түсіну деңгейін бағалау үшін үш құзыреттілік түрін ұсынады: ақпаратты біріктіру және түсіндіру қабілеті (K1), мәтіннің мазмұны мен формасын түсіну және бағалау қабілеті (K2), сондай-ақ мәтіннен алынған ақпаратты өмірлік жағдаяттарда қолдану мүмкіндігі (K3). Бұл құзыреттіліктер оқушылардың мәтінді терең түсінуін, логикалық және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын, сондай-ақ білімді практикалық қолдану қабілетін кешенді бағалауға мүмкіндік береді [15].

Е. Grenner зерттеуінде авторлар оқушылардың мәтіндермен жұмысын бақылау арқылы олардың жазу дағдыларын жақсартуды зерттеді. 5 сабақтан кейін оқушылардың жазу дағдылары жақсарғанымен, үш ай өткен соң олардың нәтижелері төмендегені анықталды. Бұл ұзақ мерзімді қолдаудың қажеттілігін көрсетеді [16]. V. O. Cunha, S. Capellini баяндау және түсіндіру мәтіндерін түсінуді жақсарту үшін екі интервенция бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама баяндау мәтіндерін түсіну қабілетін жақсартуда тиімді болып шықты, әсіресе мәтіннің макроструктурасы бойынша сұрақтарға жауап беру кезінде. Бұл әртүрлі мәтіндер түрлеріне арнайы оқыту стратегияларының маңыздылығын растайды [17]. Н.К. Wardani, A. Aswir зерттеуінде мұғалім мен оқушы арасындағы сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушылардың мәтінді түсіну қабілеттерін жақсарту қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде осы әдісті қолданған оқушылардың нәтижелері жоғарылап, бұл әдістің тиімділігі дәлелденді [18]. M.F. Yuvirawan зерттеуі оқушылардың баяндау мәтіндерін түсіну кезіндегі негізгі қиындықтарын анықтады. Негізгі қиындықтар: мәтіннің негізгі идеясын анықтау, нақты ақпаратты табу және сөздік қорды түсіну. Авторлар кооперативті оқыту әдістерін, сөздердің мағынасын анықтау стратегиясын қолдануды ұсынды [19].

Бастауыш және орта мектептерде оқу сауаттылығын қалыптастыру табысты оқытудың негізгі шарты болып табылады. Оқушылар баяндау мәтіндерін меңгеру арқылы маңызды оқу дағдыларын игеріп қана қоймай, сыни ойлау, ақпаратты құрылымдау және оны дұрыс қолдану дағдыларын дамытады.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу жұмысының әдістемесі 5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығының бастапқы деңгейін диагностикалауға және баяндау мәтіндері арқылы оны дамыту әдістерін апробациялауға бағытталды. Жұмыс барысында сапалық және сандық зерттеу элементтері қолданылып, аралас әдіснамалық тәсіл пайдаланылды.

Зерттеу іріктемесіне Талдықорған қаласындағы жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушылары (n=17) қатысты. Іріктеу мақсатты іріктеме қағидатына негізделіп жүргізілді. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу бағдарламасына сәйкестігі ескерілді.

Зерттеуде талданған негізгі материал – авторлар әзірлеген «Құпия бақша» көркем баяндау мәтіні. Бұл мәтін мазмұнының байлығы, құрылымының айқындығы арқылы 5-сынып оқушыларының оқу дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Деректер арнайы әзірленген тапсырмалар жүйесі арқылы жиналды. Бұл тапсырмалар оқу сауаттылығының түрлі компоненттерін қамтыды: мәтінді түсіну, талдау, ақпаратты құрылымдау, сыни ойлау және шығармашылық жазу. Әр тапсырма нақты бағалау критерийлерімен сүйемелденді. Жиналған нәтижелер кестелік және пайыздық түрде өңделіп, оқу сауаттылығының деңгейі төрт градация бойынша анықталды (жоғары, орташа, төмен және өте төмен).

Берілген тапсырмалар бойынша әр оқушының жиналған баллдары есептеліп, оқу сауаттылығының деңгейі анықталады. Баллдар бойынша оқу сауаттылығының деңгейі 1 кестеде көрсетілген.

1-кесте. Баллдар бойынша оқу сауаттылығының деңгейі

Деңгей	Балл	Сипаттамасы
Жоғары деңгей	24-28	Оқушы мәтінді жақсы түсініп, талдау және сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін көрсетті.
Орташа деңгей	16-23	Оқушы мәтінді жақсы түсінетіндігін және талдау қабілеттілігін көрсетті, бірақ сыни тұрғыдан ойлау мен шығармашылық тапсырмаларда кейбір олқылықтар бар
Төмен деңгей	8-15	Оқушының мәтінді түсінуде және талдауда айтарлықтай олқылықтары бар, сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық тапсырмалар бойынша қосымша жұмыс қажет.
Өте төмен деңгей	0-7	Оқушы мәтінді түсіну мен талдауда үлкен қиындықтарға тап болады, қарқынды қолдау мен көмек қажет.

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Сапалық зерттеу элементтері оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу барысын бақылау, жауаптардың мазмұнын талдау, тапсырмаларды орындау ерекшеліктерін сипаттау арқылы жүзеге асырылды. Атап айтқанда, оқушылардың мәтінді түсіну деңгейі, логикалық байланыстарды орнату қабілеті, сұрақтарға жауап беру сипаты және шығармашылық тапсырмаларды орындау ерекшеліктері сапалық тұрғыдан талданды.

Сандық зерттеу элементтері оқу сауаттылығының деңгейін баллдық және пайыздық көрсеткіштер арқылы анықтауға, бастапқы және қайта диагностика нәтижелерін салыстыруға бағытталды. Зерттеу барысында алынған сандық деректер сипаттамалық математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңделді. Атап айтқанда, оқу сауаттылығы деңгейлерінің пайыздық үлесі есептелді, әр оқушының жинаған баллдары негізінде орташа мән (M), дисперсия (s^2) және стандартты ауытқу (s) анықталды.

Статистикалық есептеулерді жүргізу үшін Social Science Statistics онлайн платформасының құралдары қолданылды. Іріктеменің шағын көлеміне (n=17) байланысты деректерді өңдеуде параметрлік емес сипаттамалық статистика әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Оқу сауаттылығының бастапқы деңгейін анықтау барысында «Құпия бақ» мәтіні беріліп, мәтінді түсіну және түсіндіру, сондай-ақ сыни тұрғыдан ойлау және ақпаратты ұсынуға шығармашылықпен қарау қабілеттерін анықтауға бағытталған бірқатар тапсырмалар орындалды. Бағалау критерийлері мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі қырларын қамтыды.

Диагностика нәтижелері баллдық шкала бойынша бағаланды, бұл әр оқушының оқу сауаттылығының деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында 5-сыныптың 17 оқушысы қатысты. Пайыздық көрсеткіштер алынған баллдар бойынша есептелді. Бағалау критерийлері мен баллдар бойынша оқу сауаттылығының деңгейі зерттеу материалдарында ұсынылған (Кесте 2).

2-кесте. Оқу сауаттылығының бастапқы деңгейі

Деңгей	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
Жоғары деңгей	7 оқушы	41,2%
Орташа деңгей	6 оқушы	35,3%
Төмен деңгей	4 оқушы	23,5%
Өте төмен деңгей	0	0%

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Оқушылардың 41,2%-ы мәтінді жақсы түсіну, оны талдау, сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық тапсырмаларды орындау қабілеттерін көрсете отырып, жоғары деңгейге жетті. Бұл нәтиже аталған оқушылардың мәтін мазмұнын терең түсінетінін, негізгі ойды анықтап, ақпаратты талдай алатынын көрсетеді. Сонымен қатар, олардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларының қалыптасқандығы байқалады.

Оқушылардың 35,3%-ы орташа деңгейде нәтиже көрсетті. Бұл топтағы оқушылар мәтіннің жалпы мазмұнын дұрыс түсінгенімен, талдау және сыни ойлауды талап ететін тапсырмаларда қиындықтарға тап болды. Аталған нәтиже оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдылары қалыптасу үстінде екенін және мақсатты педагогикалық қолдау арқылы олардың оқу сауаттылығын жоғары деңгейге көтеруге болатынын көрсетеді.

Ал оқушылардың 23,5%-ы төмен деңгейде нәтиже көрсетті. Бұл көрсеткіш мәтінді түсіну мен талдауда айтарлықтай олқылықтардың бар екенін және осы оқушылардың қосымша қолдауды қажет ететінін айқындайды. Аталған топ үшін мәтін мазмұнын кезең-кезеңімен түсіндіру, кілт сөздермен жұмыс және бағыттаушы сұрақтар арқылы оқыту әдістерін қолдану қажет.

Айта кетерлігі, зерттеуге қатысқан оқушылардың ешқайсысы өте төмен деңгейде нәтиже көрсеткен жоқ, бұл сынып оқушыларының базалық оқу дағдылары қалыптасқанын білдіреді.

Жалпы алынған нәтижелер оқушылардың басым бөлігі орташа және жоғары деңгейде екенін көрсетті. Дегенмен, орташа және төмен деңгейдегі оқушылардың үлесінің болуы оқу сауаттылығын одан әрі дамыту қажеттігін айқындайды. Осыған байланысты баяндау мәтіндері арқылы оқу сауаттылығын дамыту әдістерін қолдану ұсынылады, себебі бұл әдіс мәтінді түсіну, талдау және сыни ойлау дағдыларын жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Баяндау мәтіндері түпнұсқа шығармалардың қысқартылған немесе қайта баяндалған нұсқалары болып саналады, бұл оларды қабылдауды жеңілдетеді. Осындай мәтіндермен жұмыс жасай отырып, оқушылар мәтінді талдау және түсіну дағдыларын біртіндеп дамыта алады. Баяндау мәтіндері арқылы оқу сауаттылығын дамыту үшін келесі әдістерді ұсынамыз:

1. Мазмұнды алдын ала оқу және болжау

Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы қадамдарының бірі-мазмұнды алдын ала оқу және болжау. Бұл оқушыларға ақпаратты қабылдауға дайындауға көмектеседі.

Тапсырманың мысалы: тақырыпты оқымас бұрын оқушыларды мәтін не туралы болуы мүмкін екендігі туралы сұрақтар қоюға шақыру. Содан кейін олардан өз болжамдарын жазуды сұрау.

2. Кілт сөздермен жұмыс

Мәтінді түсінуде кілт сөздер маңызды рөл атқарады. Олар мәтіннің негізгі идеясы мен негізгі ойларын анықтауға көмектеседі.

Тапсырма мысалы: мәтінді оқығаннан кейін оқушылардан кілт сөздерді бөлектеп жазуды сұрау. Олармен мәтінді түсіну үшін бұл сөздердің неліктен маңызды екенін талқылау.

3. Мәтінді түсінуге арналған сұрақтар

Мәтінді түсіну сұрақтары оқушыларға маңызды бөлшектерге назар аударуға және оқығанын сыни тұрғыдан бағалауға көмектеседі.

Тапсырма мысалы: мәтін бойынша сұрақтар тізімін дайындау. Бұл ақпаратты көбейту сұрақтары, талдау сұрақтары және ақпаратты синтездеу сұрақтары болуы мүмкін.

4. Топтағы мәтінді талқылау және талдау

Мәтінді топтық талқылау сыни ойлауды дамытады және пікір алмасу арқылы мәтінді түсінуді жақсартады.

Тапсырманың мысалы: оқушыларды топтарға бөліп, өз пікірлерін білдіріп, бір-біріне сұрақтар қою арқылы мәтінді талқылауға шақыру.

5. Оқуды түсіну жаттығулары

Жаттығудың мысалы: оқушыларға кестені екі бағанмен толтыруды ұсыну: "мен мәтіннен не түсіндім" және "түсініксіз болып қалды". Содан кейін нәтижелерді сыныпта талқылау.

6. Мәтінді қайталау және ұсыну жаттығулары

Жаттығудың мысалы: оқушылардан негізгі ойларды бөліп көрсете отырып, мәтінді өз сөздерімен қайталауын сұрау. Бұл оларға мазмұнды жақсы түсінуге және түсінуге көмектеседі.

7. Мәтін бойынша сұрақтар жасауға арналған жаттығулар

Жаттығудың мысалы: мәтінді оқығаннан кейін оқушыларды мәтін мазмұны бойынша 3-5 сұрақ қою. Бұл мәтінді түсіну, талдау және түсіндіру сұрақтары болуы мүмкін.

8. Мәтін бойынша шығармашылық тапсырмалар жасауға арналған жаттығулар

Жаттығудың мысалы: оқушылардан оқиғаның балама аяқталуын ойластыруды немесе мәтіннің жалғасын жазуды сұрау. Бұл шығармашылық ойлауды дамытады және сюжет пен кейіпкерлерді тереңірек түсінуге көмектеседі.

9. Салыстыру жаттығулары

Жаттығу мысалы: ұқсас тақырып бойынша екі түрлі мәтінді оқығаннан кейін, оқушыларға екі мәтіннің негізгі идеяларын, кейіпкерлері мен оқиғаларын салыстыратын кесте құруды ұсыну. Бұл оларға мәтіндер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды бөлектеуді үйренуге көмектеседі.

10. Негізгі ойды табуға арналған жаттығулар

Жаттығудың мысалы: оқушылардан мәтіннің әр бөлігінің негізгі идеясын бөліп, оны бір-екі сөйлемге жазуды сұрау. Содан кейін нәтижелерді талқылап, бүкіл мәтіннің негізгі идеясын анықтау.

11. Мәтінді түсіндіру және бағалау жаттығулары

Жаттығудың мысалы: оқушыларға мәтіннен нақты мысалдармен дәлелдей отырып, оқылған мәтін туралы өз пікірлерін білдіретін қысқа эссе жазу тапсырмасын беру.

12. Визуалды диаграмма жасау жаттығулары

Жаттығудың мысалы: оқушылардан мәтіннің негізгі оқиғалары мен кейіпкерлерін көрсететін диаграмма жасауды ұсыну. Бұл оларға мәтін құрылымын елестетуге және әртүрлі элементтер арасындағы байланыстарды жақсы түсінуге көмектеседі.

Баяндау мәтіндермен үнемі жұмыс жасау оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға көмектеседі, олардың мәтінді талдау және түсіну дағдыларын жақсартады және сыни ойлауды ынталандырады. Оқушыларды мәтіндерді оқу мен талдаудың тұрақты тәжірибесіне ынталандыру маңызды, осылайша олар осы дағдылардың өміріндегі жетістіктері мен маңыздылығын көре алады.


Баяндау мәтіндерін қолдану арқылы оқу сауаттылығын дамытудың ұсынылған әдістерін енгізгеннен кейін, қолданылған әдістердің тиімділігін және 5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын жақсарту деңгейін анықтау үшін қайта зерттеу жүргізілді. Нәтижесі 3 кестеде көрсетілген.

3-кесте. Тәжірибеден кейінгі оқу сауаттылығының деңгейі

Деңгей	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
Жоғары деңгей	13 оқушы	76,5%
Орташа деңгей	4 оқушы	23,5%
Төмен деңгей	0	0%
Өте төмен деңгей	0	0%

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Нәтижелер салыстырмалы түрде 1 суретте көрсетілген.



1-сурет. Салыстырмалы нәтижелер

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Ұсынылған әдістерді енгізу нәтижесінде оқушылардың оқу сауаттылығының деңгейі едәуір жақсарды. Атап айтқанда, жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі 41,2%-дан 76,5%-ға дейін артты, ал төмен деңгейдегі оқушылар толықтай жойылды. Бұл өзгерістер оқу үдерісінде қолданылған әдістердің жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Жоғары деңгей көрсеткішінің айтарлықтай өсуі мәтінмен жұмыс барысында талдау, кері байланыс беру, салыстырмалы талдау жүргізу, диаграммалар мен кестелер құру, сондай-ақ шығармашылық және интерактивті тапсырмаларды қолданудың тиімділігін дәлелдейді. Аталған әдістер оқушылардың мәтінді терең түсінуіне, ақпаратты құрылымдауға және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, төмен деңгейдегі оқушылардың жойылуы ұсынылған әдістердің оқу сауаттылығын дамытуда барлық оқушыларға бірдей әсер еткенін және олардың оқу нәтижелерін теңестіруге ықпал еткенін көрсетеді. Бұл баяндау мәтіндері арқылы жүргізілген жұмыстың оқу сауаттылығын арттыруда тиімді педагогикалық құрал екенін айқындайды.

Нәтижелерді сандық тұрғыдан нақтылау мақсатында деректерге сипаттамалық математикалық-статистикалық талдау жүргізілді. Статистикалық өңдеу барысында Social Science Statistics онлайн платформасының құралдары қолданылды.

Қайта диагностикалау нәтижелері бойынша әр оқушының жинаған баллдары негізінде орташа мән (M), дисперсия (s^2) және стандартты ауытқу (s) есептелді. Есептеу нәтижесінде оқу сауаттылығының орташа балы $M = 24,53$, стандартты ауытқуы $s = 2,15$ екені анықталды.

2-суретте Social Science Statistics онлайн платформасынан алынған статистикалық өңдеу нәтижелері көрсетілген.

Алынған көрсеткіштер оқушылардың оқу сауаттылығы деңгейінің жоғары деңгейге сәйкес келетінін және нәтижелердің орташа мән төңірегінде шоғырланғанын көрсетеді. Стандартты ауытқудың салыстырмалы түрде төмен болуы ұсынылған әдістердің тиімділігін және олардың оқушыларға біркелкі әсер еткенін дәлелдейді.

Scores	Deviation (X - M)	Squared Dev.
28	3.47	12.04
27	2.47	6.10
27	2.47	6.10
26	1.47	2.16
26	1.47	2.16
26	1.47	2.16
25	0.47	0.22
25	0.47	0.22
25	0.47	0.22
24	-0.53	0.28
24	-0.53	0.28
24	-0.53	0.28
24	-0.53	0.28
23	-1.53	2.34
22	-2.53	6.40
21	-3.53	12.46
20	-4.53	20.52
M: 24.53		SS: 74.24

Дереккөз: Social Science Statistics онлайн платформасынан алынған.

Өрі қарай дамуға арналған ұсыныстар:

- Ұсынылған әдістерді білім беру үдерісінде қолдануды жалғастыру.
- Прогрессті бақылау және жақсарту бағыттарын анықтау үшін оқу сауаттылығының деңгейін диагностикалау.

-Оқу бағдарламасына мәтінді оқу және талдау дағдыларын одан әрі дамытуға ықпал ететін жаңа әдістер мен тапсырмаларды қосу.

Қайта зерттеу баяндау мәтіндерін пайдалану арқылы оқу сауаттылығын дамытудың ұсынылған әдістері тиімді екенін және 5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын айтарлықтай жақсартуға ықпал ететінін көрсетті. Бұл әдістерді үнемі қолдану оқу сауаттылығының жоғары деңгейін сақтауға және оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылығын дамытуға көмектеседі..

Қорытынды. Зерттеудің мақсаты – 5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуда баяндау мәтіндерімен жұмыс істеудің тиімді әдістерін анықтау және оларды оқу үдерісіне енгізу болды. Осы мақсат негізінде жүргізілген тәжірибелік жұмыс барысында оқушылардың оқу сауаттылығының бастапқы және кейінгі деңгейі салыстырылып, оң өзгерістер тіркелді.

Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістердің (мәтін мазмұнын болжау, сұрақтармен жұмыс, ақпаратты кесте мен диаграммаға түрлендіру, логикалық тізбек құру, шығармашылық жалғастыру т.б.) оқу сауаттылығын дамытуда тиімді екенін көрсетті. Қайта диагностика нәтижесінде жоғары деңгейдегі оқушылар үлесі 41,2%-дан 76,5%-ға дейін артты, ал төмен және өте төмен деңгейдегі оқушылар мүлдем тіркелмеді.

Бұл нәтижелер баяндау мәтіндерімен жүйелі әрі мақсатты жұмыстың оқушылардың мәтінді түсіну, ақпаратты құрылымдау, талдау және шығармашылықпен қолдану қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – 5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған авторлық тапсырмалар жүйесін әзірлеу және оның тиімділігін дәлелдеуінде. Практикалық маңыздылығы – бұл әдістемені жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне енгізу арқылы оқу сапасын арттыруға болатындығында.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Соколова О. В., Львовский В.А., Знаменская О.В., Долгодворова Е.Ю. К построению модели формирования читательской грамотности в ходе преподавания учебных предметов в

- основной школе // Педагогика и просвещение. – 2022. – №. 1. – С. 31-51. [Электронный ресурс] – URL: https://www.nbpublish.com/library_read_article.php?id=37396
- 2 Majid R. A., Riyadi A. R., Kurniawan H. Application of the Graphic Organizer Method in Improving Students' Reading Comprehension of Narrative Text // Aksis: Jurnal Pendidikan Bahasa dan Sastra Indonesia. – 2023. – Т. 7. – №. 1. – С. 23-34. DOI: <https://doi.org/10.21009/AKSIS.070103>
- 3 Исакова А. Ж., Султанбекова С. А. PISA халықаралық зерттеу аясында білім алушылардың оқу сауаттылығын жақсарту әдістемесі. – 2024. – №146(1). - С. 10-11. [Электронный ресурс] – URL: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/37>
- 4 De Corte E., Verschaffel L., Van De Ven A. Improving text comprehension strategies in upper primary school children: A design experiment // British journal of educational psychology. – 2010. – Т. 71. – №. 4. – С. 531-559. DOI: <https://doi.org/10.1348/000709901158668>
- 5 Nurmahanani I. Effectiveness of a Mixed Methods-Based Literacy Program in Improving Reading Comprehension, Vocabulary Mastery, and Reading Fluency Skills of Early Grade Students // International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. – 2023. – Т. 22. – №. 7. – С. 324-343. DOI: <http://dx.doi.org/10.26803/ijlter.22.7.17>
- 6 Koyuncu İ., Firat T. Investigating reading literacy in PISA 2018 assessment // International Electronic Journal of Elementary Education. – 2020. – Т. 13. – №. 2. – С. 263-275. DOI: <http://dx.doi.org/10.26822/iejee.2021.189>
- 7 Кунева К.Е., Рустемова Ж. Ж. Оқу сауаттылығын қалыптастыру – функционалды сауаттылықтың негізі // Endless light in science. – 2024. – Т. 30. – №. 1. – С. 66-73. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-u-sauattyly-yn-alyptastyru-funktsionaldy-sauattyly-ty-negizi>
- 8 Слямхан М. М., Кайынбаев Ж. Т. Қазақстан оқушыларының функционалық сауаттылық деңгейі және оны жетілдіру жолдары // Известия. Серия: Педагогические науки. – 2022. – Т. 66. – №. 3. – С. 10-15. [Электронный ресурс] – URL: <https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/326>
- 9 Борисова Н. В., Николаевская Е. Л. Развитие читательской грамотности как компонента функциональной грамотности: учебно-методическое пособие. - Краснодар: ГБОУ ИРО Краснодарского края. – 2020. – 100 с. [Электронный ресурс] – URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_45746039_97682931.pdf
- 10 Бальцевич Ю. Н. Приемы и способы формирования читательской грамотности учащихся. – 2020. – С. 377-380. [Электронный ресурс] – URL: <https://libr.msu.by/bitstream/123456789/11191/1/2576n.pdf>
- 11 Friska Y. Improving students' reading comprehension of narrative text through project-based learning (A Classroom Action Research in the Second Year of MTs Jamiyyah Islamiyyah Pondok Aren) // ELT Echo: The Journal of English Language Teaching in Foreign Language Context. – 2018. – Т. 3. – №. 1. – С. 47-58. DOI: <http://dx.doi.org/10.24235/eltecho.v3i1.2570>
- 12 Rianti R., Yuniati M., Tandiana S. T., Muzdalipah I., Supriyono Y. Improving Students' Reading Comprehension of Narrative Text Through Problem Based Learning // Ideguru: Jurnal Karya Ilmiah Guru. – 2024. – Т. 9. – №. 1. – С. 444-448. DOI: <https://doi.org/10.51169/ideguru.v9i1.730>
- 13 Колосова В. М. Пути формирования читательской грамотности в процессе обучения // Вестник науки. – 2022. – Т. 1. – №. 2 (47). – С. 26-37. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/puti-formirovaniya-chitatelskoy-gramotnosti-v-protsesse-obucheniya?ysclid=mee4w14k3i902393901>
- 14 Деменева Н. Н., Гуцу Е. Г., Кочетова Е. В., Колесова О. В., Маясова Т. В. Исследование читательской грамотности младших школьников на современном этапе развития образования // Перспективы науки и образования. – 2020. – №. 2 (44). – С. 240-254. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-chitatelskoy-gramotnosti-mladshih-shkolnikov-na-sovremennom-etape-razvitiya-obrazovaniya>
- 15 Ухова Л. В., Аниськина Н. В. Читательская грамотность участников образовательного процесса: проблемы, пути решения, перспективы // Ярославский педагогический вестник. –

2023. – №. 2 (131). – С. 36-43. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/chitatelskaya-gramotnost-uchastnikov-obrazovatel'nogo-protssessa-problemy-puti-resheniya-perspektivy>

16 Grenner E. et.al. Improving narrative writing skills through observational learning: a study of Swedish 5th-grade students // *Educational Review*. – 2020. – Т. 72. – №. 6. – С. 691-710. DOI: <http://dx.doi.org/10.1080/00131911.2018.1536035>

17 Cunha V. L. O., Capellini S. A. Informative intervention programs to reading comprehension: Development and implementation // *Estudos de Psicologia (Campinas)*. – 2017. – Т. 34. – №. 03. – С. 411-422. DOI: <http://dx.doi.org/10.1590/1982-02752017000300009>

18 Wardani H. K., Aswir A. Improving Student Reading Comprehension Using Narrative Text Question and Answer Method // *Jurnal Studi Guru dan Pembelajaran*. – 2022. – Т. 5. – №. 2. – С. 151-156. DOI: <http://dx.doi.org/10.30605/jsgp.5.2.2022.1476>

19 Yuvirawan M. F., Listia R., Amelia R. Students' Problems in Reading Narrative Text // *Proceedings of the 2nd International Conference on Social Sciences Education (ICSSE 2020)*. – Atlantis Press, 2021. – С. 95-98. DOI: <http://dx.doi.org/10.2991/assehr.k.210222.013>

REFERENCES

1 Sokolova, O. V., L'vovskiy, V.A., Znamenskaya, O.V., Dolgodvorova, E.Yu. (2022). K postroeniyu modeli formirovaniya chitatel'skoy gramotnosti v khode prepodavaniya uchebnykh predmetov v osnovnoy shkole [Towards the construction of a model for the formation of reader literacy in the course of teaching academic subjects in primary school]. *Pedagogika i prosveshchenie [Pedagogy and education]*, 1, 31-51. [Electronic resource] – URL: https://www.nbpublish.com/library_read_article.php?id=37396 [in Russian]

2 Majid, R. A., Riyadi, A. R., Kurniawan, H. (2023). Application of the Graphic Organizer Method in Improving Students' Reading Comprehension of Narrative Text. *Aksis: Jurnal Pendidikan Bahasa dan Sastra Indonesia*, 7 (1), 23-34. DOI: <https://doi.org/10.21009/AKSIS.070103>

3 Iskakova, A. Zh., Sultanbekova, S. A. Iskakova, A. Zh., Sultanbekova, S. A. (2024). PISA khalykaralyk zertteu ayasynda bilim alushylardyn oku sauattylygyn zhaksartu adistemesi [Methodology for improving the reading literacy of students in the framework of the international PISA study], 146(1), 10-11. [Electronic resource] – URL: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/37> [in Kazakh]

4 De Corte, E., Verschaffel, L., Van De Ven, A. (2010). Improving text comprehension strategies in upper primary school children: A design experiment. *British journal of educational psychology*, 71 (4), 531-559. DOI: <https://doi.org/10.1348/000709901158668>

5 Nurmahanani, I. (2023). Effectiveness of a Mixed Methods-Based Literacy Program in Improving Reading Comprehension, Vocabulary Mastery, and Reading Fluency Skills of Early Grade Students. *International Journal of Learning, Teaching and Educational Research*, 22 (7), 324-343. DOI: <http://dx.doi.org/10.26803/ijlter.22.7.17>

6 Koyuncu, İ., Firat, T. (2020). Investigating reading literacy in PISA 2018 assessment. *International Electronic Journal of Elementary Education*, 13 (2), 263-275. DOI: <http://dx.doi.org/10.26822/iejee.2021.189>

7 Kuneva, K.E., Rustemova, Zh. Zh. (2024). Oku sauattylygyn kalyptastyru – funktsionaldy sauattylyktyñ negizi [Formation of reading literacy – the basis of functional literacy]. *Endless light in science*, 30 (1), 66-73. [Electronic resource] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-u-sauattyly-yn-alyptastyru-funktsionaldy-sauattyly-ty-negizi> [in Kazakh]

8 Slyamkhan, M. M., Kayynbayev, Zh.T. (2022). Kazakstan okushylarynyn funktsionalyk sauattylyk dengeyi zhane ony zhetildiru zholdary [The level of functional literacy of students of Kazakhstan and ways to improve it]. *Izvestiya. Seriya: Pedagogicheskie nauki [Izvestia. Series: Pedagogical Sciences]*, 66 (3), 10-15. [Electronic resource] – URL: <https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/326> [in Kazakh]

9 Borisova, N. V., Nikolaevskaya, E. L. (2020). Razvitie chitatel'skoy gramotnosti kak komponenta funktsional'noy gramotnosti: uchebno-metodicheskoe posobie [The development of

reader's literacy as a component of functional literacy: an educational and methodological guide]. *Krasnodar: GBOU IRO Krasnodarskogo kraya [Krasnodar: GBOU IRO of the Krasnodar Territory]*, 100 p. [Electronic resource] – URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_45746039_97682931.pdf [in Russian]

10 Baltsevich, Yu. N. (2020). Priemy i sposoby formirovaniya chitatel'skoy gramotnosti uhashchikhsya [Techniques and methods of forming students' reading literacy], 377-380. [Electronic resource] – URL: <https://libr.msu.by/bitstream/123456789/11191/1/2576n.pdf> [in Russian]

11 Friska, Y. (2018). Improving students' reading comprehension of narrative text through project-based learning (A Classroom Action Research in the Second Year of MTs Jamiyyah Islamiyyah Pondok Aren). *ELT Echo: The Journal of English Language Teaching*, 3 (1), 47-58. DOI: <http://dx.doi.org/10.24235/eltecho.v3i1.2570>

12 Rianti, R., Yuniati, M., Tandiana, S. T., Muzdalipah, I., Supriyono, Y. (2024). Improving Students' Reading Comprehension of Narrative Text Through Problem Based Learning. *Ideguru: Jurnal Karya Ilmiah Guru*, 9 (1), 444-448. DOI: <https://doi.org/10.51169/ideguru.v9i1.730>

13 Kolosova, V. M. (2022). Puti formirovaniya chitatel'skoy gramotnosti v protsesse obucheniya [Ways of forming reader's literacy in the learning process]. *Vestnik nauki [Bulletin of Science]*, 1, 2 (47), 26-37. [Electronic resource] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/puti-formirovaniya-chitatelskoy-gramotnosti-v-protsesse-obucheniya?ysclid=mee4w14k3i902393901> [in Russian]

14 Demeneva, N. N., Gutsu, E. G., Kochetova, E. V., Kolesova, O. V., Mayasova, T. V. (2020). Issledovanie chitatel'skoy gramotnosti mladshikh shkol'nikov na sovremennom etape razvitiya obrazovaniya [The study of reading literacy of primary school children at the present stage of education development]. *Perspektivy nauki i obrazovaniya [Prospects of science and education]*, 2 (44), 240-254. [Electronic resource] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-chitatelskoy-gramotnosti-mladshih-shkolnikov-na-sovremennom-etape-razvitiya-obrazovaniya> [in Russian]

15 Ukhova, L. V., Aniskina, N. V. (2023). Chitatel'skaya gramotnost' uchastnikov obrazovatel'nogo protsessa: problemy, puti resheniya, perspektivy [Reader literacy of participants in the educational process: problems, solutions, prospects]. *Yaroslavskiy pedagogicheskiy vestnik [Yaroslavl Pedagogical Bulletin]*, 2 (131), 36-43. [Electronic resource] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/chitatelskaya-gramotnost-uchastnikov-obrazovatel'nogo-protsessa-problemy-puti-resheniya-perspektivy> [in Russian]

16 Grenner, E. et.al. (2020). Improving narrative writing skills through observational learning: a study of Swedish 5th-grade students. *Educational Review*, 72 (6), 691-710. DOI: <http://dx.doi.org/10.1080/00131911.2018.1536035>

17 Cunha, V. L. O., Capellini, S. A. (2017). Informative intervention programs to reading comprehension: Development and implementation. *Estudos de Psicologia (Campinas) [Psychology studies (Campinas)]*, 34 (3), 411-422. DOI: <http://dx.doi.org/10.1590/1982-02752017000300009>

18 Wardani, H. K., Aswir, A. (2022). Improving Student Reading Comprehension Using Narrative Text Question and Answer Method. *Jurnal Studi Guru dan Pembelajaran [Journal of teacher Studies and learning]*, 5 (2), 151-156. DOI: <http://dx.doi.org/10.30605/jsgp.5.2.2022.1476>

19 Yuvirawan, M. F., Listia, R., Amelia, R. (2021). Students' Problems in Reading Narrative Text. *Proceedings of the 2nd International Conference on Social Sciences Education (ICSSE 2020)*, 95-98. DOI: <http://dx.doi.org/10.2991/assehr.k.210222.013>

*Мухамадиева С.С.¹

¹ Жетысуский университет им. И. Жансугурова

¹ Казахстан, Талдықурган

МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ 5 КЛАССА ЧЕРЕЗ ПОВЕСТВОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕКСТЫ

Аннотация.

Развитие грамотности чтения считается одной из приоритетных задач современного образования. Грамотность чтения включает в себя не только способность понимать прочитанный текст, но и критически анализировать его, делать выводы и применять полученные знания на практике. Умение эффективно работать с информацией в зависимости от условий развития общества стало важным навыком 21 века. Целью исследования является выявление наиболее эффективных методов развития читательской грамотности у учащихся 5 класса через повествовательные тексты. В статье представлены теоретические основы и практические рекомендации по внедрению данного метода в образовательный процесс. Основное внимание уделяется анализу педагогических методик, способствующих эффективному развитию читательской грамотности и повышению уровня учебных достижений учащихся. Представление текста как метода позволяет не только усвоить содержание прочитанного материала, но и развить навыки структурирования информации, что способствует лучшему запоминанию и пониманию прочитанного. В статье приводятся различные способы работы с текстом, например, задавать вопросы по тексту, писать творческие работы и т.д. Результаты исследования показывают, что внедрение предложенных методов значительно повышает уровень читательской грамотности учащихся. Учащиеся, применяющие предложенные методики, демонстрируют высокие результаты по всем учебным предметам и развивают навыки критического мышления и анализа. Таким образом, развитие грамотности чтения через повествовательные тексты является эффективным методом, способствующим формированию навыков чтения, необходимых для успешного обучения и адаптации в современном обществе.

Ключевые слова: грамотность чтения, повествовательные тексты, педагогические методы, критическое мышление, анализ текста, образовательный процесс, обучающие стратегии.

*Mukhamadiyeva S.S.¹

¹ Zhetysu University named after I. Zhansugurov

¹ Kazakhstan, Taldykorgan

METHODS OF DEVELOPING READING LITERACY IN 5TH GRADE STUDENTS THROUGH NARRATIVE TEXTS

Annotation

The development of reading literacy is considered one of the priorities of modern education. Reading literacy includes not only the ability to understand the read text, but also to critically analyze it, draw conclusions and apply the knowledge gained in practice. The ability to work effectively with information, depending on the conditions of development of society, has become an important skill of the 21st century. The aim of the study is to identify the most effective methods of developing reading literacy in 5th grade students through narrative texts. The article presents the theoretical foundations and practical recommendations for the implementation of this method in the educational process. The main attention is paid to the analysis of pedagogical techniques that contribute to the effective development of reading literacy and increase the level of educational achievements of students. The presentation of the text as a method allows not only to assimilate the content of the material read, but also to develop information structuring skills, which contributes to better memorization and understanding of what is read. The article provides various ways of working with text, for example, asking questions about the text, writing creative works, etc. The results of the study show that the introduction of the proposed methods significantly increases the level of students' reading literacy. Students applying the proposed methods demonstrate high results in all academic subjects and develop critical thinking and analysis skills. Thus, the development of reading literacy through narrative texts is an effective method that contributes to the formation of reading skills necessary for successful learning and adaptation in modern society.

Keywords: reading literacy, narrative texts, pedagogical methods, critical thinking, text analysis, educational process, learning strategies.

Редакцияға түсті: 18.08.2025

Рецензиялаудан кейін мақұлданды: 03.02.2026

Жариялауға қабылданды: 26.03.2026